

## №2 дәріс. PR – негізгі тенденциялар. Жаһандану үдерісі және PR.

Жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуымен байланысты Қазақстанда бүгінде коммуникацияның мәні өсіп келеді. Ал Батыста коммуникация бағдарламасы оқу процесіне енгізіліп, оқытылуда. Коммуникация дегеніміз – бір немесе бірнеше адамның арасындағы ақпарат алмасу, ақпаратты түсінікті бере білу. Коммуникациядағы ақпарат көзі ақпаратты жіберуші арқылы ақпаратты қабылдаушыға жетеді. Алайда мұнымен коммуникация бітпейді, кері байланыс міндетті түрде болу керек. Тиімді коммуникацияға жетудің алғышарттары көп, оны жете меңгерген адам лидер де болады, басқара да біледі, кіммен болмасын тез арада тіл табысып, көздеген мақсатына жетеді.

Іскер байланыстың мақсаты түптеп келгенде компания қызметінің табысты болуын көздейді. Іскер қарым-қатынаста өзара түсіністік болмаса, коммуникация да болмайды. Өзге адамдармен тез тіл табысу, олардың ойымен, пікірімен санасу, оларға құрметпен қарау, қажет кезде өзіндік “менді” тұншықтыра білу - үлкен өнер. Ақпаратты жіберуші тұлғалар ақпаратты қабылдаушы серіктестерін бағалап, олардың мүддесін ескере отырып, коммуникацияны жүзеге асырса, коммерциялық қызметтің нәтижесі тиімді болады. Сондай-ақ ол серіктестерді қызықтырып, оларды белгілі бір іс-әрекетке бейімдеп, көзқарасы мен пікіріне ықпал етуі, өз ойын сауатты жеткізуі, серіктесін жақсы түсіне отырып, өзі де ашық болуы, серіктесінің мінез-құлқын зерттей отырып, сөзін бөлмей мұқият тыңдауы керек. Осылайша біріккен іс-әрекетке қажеттілік екі жақ тарапынан келісім, өзара мүдде, мүмкіндіктерді бағалау, нақты мақсаттар жолында жауапкершілікті сезіну, өз міндетін орындауды іске асырады.

